

Religion and Pluralism in Central Asia: A Compendium of Research Papers Translated into Kazakh

МЕЙІРІМДІ КӨРШІЛІКТІҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КЕЛІСІМІН ОРНАТУ ЖОЛЫНДА: КЕЛІСІМ ПЛЮРАЛИЗМІ ФИЛОСОФИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Кристофер Стюарт, Крис Сайпл, және Деннис Р. Хувер

[additional papers forthcoming]

About the Compendium: This compendium consists of Russian translations of selected English language research papers commissioned by the Institute for Global Engagement (IGE). They are part of a series exploring prospects for covenantal pluralism around the world. The papers were translated by permission of IGE for noncommercial use as an educational supplement in IGE's international educational programs. Further details and citation information for the final English versions can be found on the first page of each paper.



INSTITUTE *for* GLOBAL ENGAGEMENT
PO Box 12205
Arlington, VA 22219-2205
USA
<https://globalengage.org/>

МЕЙІРІМДІ КӨРШІЛІКТІҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КЕЛІСІМІН ОРНАТУ ЖОЛЫНДА: КЕЛІСІМ ПЛЮРАЛИЗМІ ФИЛОСОФИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Кристофер Стюарт, Крис Сайпл, және Деннис Р. Хувер

Translation and citation info: This is a Kazakh translation of an English language research paper commissioned by the Institute for Global Engagement (IGE). The paper was translated by permission of IGE for noncommercial use as an educational supplement in IGE's international educational programs. The English language version of record has been published as: Chris Seiple and Dennis R. Hoover, "A Case for Cross-Cultural Religious Literacy," *The Review of Faith & International Affairs*, Vol. 19, No. 1 (Spring 2021): 1-13, <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/15570274.2021.1874165>. (Copyright © IGE 2021.)

Резюме: Терең діни/дүниетанымдық айырмашылықтар жағдайында бейбіт пен сындарлы қатар өмір сүрудің ғаламдық міндеті «төзімділік» туралы плакат ұрандарының көмегімен шешілмейді. Бұл эссе соңғы бірнеше жылда Templeton Religion Trust қайырымдылық қорында дайындалып, келісім плюрализмі деп аталатын кеңірек көзқарасты қамтитын кіріспе шолуы болып табылады. Келісім плюрализм философиясы – бұл тұрақты, құқықтық теңдікке және тату көршілік ынтымақтастыққа баса назар аударатын, қарым-қатынастарға негізделген және релятивистік емес азаматтық парадигмасы. Ол тең құқықтар мен міндеттермен сипатталатын конституциялық тәртіпке ғана емес, сонымен қатар өзара құрмет пен қорғаудың қатынастарымен сипатталатын өзара әрекеттестік мәдениетіне шақырады.

Түйінді сөздер: плюрализм, релятивизм, келісім, қатысу, діни бостандық, діни сауаттылық, төзімділік.

Біздің айналамыздағы сакимдермен (жергілікті басшылармен) және жергілікті тұрғындармен бейбіт көршілік туралы келісім жасап және осы жерді бақытсыздық шағымда Құдайдың мейірімді рақымының белгісі ретінде таңдадым, ар-ұжданының айтқанын орындай алмайтындықтан қиналып жүрген адамдарға осы жерді пана ретінде қызмет етуін тіледім.

- Роджер Уильямс, 1636 ж¹

Біздің әлем барған сайын зорлық-зомбылық экстремизмі, діни және этникалық ұлтшылдық, мәдени поляризация мәселелерімен, сонымен қатар азшылық топтарды суреттейтін «күнәлі ешкілер» және басқа да жікке бөлетін тенденцияларына тап болып отыр. Pew Research Center зерттеу орталығының (2018) мәліметтері бойынша, қазіргі кезде әлем халқының 83%-ы үкіметтің дінге қатысты жоғары деңгейде шектеулер орнатқан және/немесе дінмен байланысты жоғары әлеуметтік дұшпандықтар жағдайында өмір сүреді. Pew сонымен қатар әлемдегі үкіметтердің 11%-ы «белгілі бір

¹ Барриден 2012, 220 үзінді алынған.

діни топтың мүшелеріне қарсы ұлтшылдық риториканы» қолданады деп хабарлайды. Осы сандарды ескере отырып, қазіргі таңда әлемде Екінші дүниежүзілік соғыстан бергі уақытта елден кеткен қашқындардың ең көп болуы таңқаларлық жайт емес. Оңшыл мәдени популизм, солшыл секуляристтік экстремизм, иммигранттарға қарсы дұшпандық, сонымен қатар діни және идеологиялық трайбализм әлемнің көптеген елдерінде өршіп келеді. Freedom House либералды демократияның өзі азайып бара жатқанын ескертеді. Олардың жыл сайынғы үрдістерді қадағалауына сәйкес, 2019 жыл әлемдік бостандықтың құлдырауына 14-ші жыл болғанын атап көрсетеді (Perucci, 2020).

Бұл проблемалардың негізінде терең әртүрліліктің тұрақты және сөзсіз фактісі жатыр. Мұндай әртүрлілікте «төзімділік» асыл да аса қажет – мүмкіндігінше. Бірақ жалғыз толеранттылықтың өзі күрделі мәселелерді шешуге жеткіліксіз екендігі күннен-күнге айқын бола бастады. Осындай сипаттағы және ауқымдағы проблемалардың барлығын «бірге өмір сүруге» және «әртүрлілікті дәріптеуге» шақыратын қарапайым да шынайы үндеумен жеңе алмайтыны айғақ. Бізге қарапайым плюрализмнен гөрі едәуір зор ұғымның қажет болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, бізге алуан түрлілік мәселелерін толеранттылыққа шақыратын плакаттарымен жасырып қана қоймай, одан да зор қызмет атқаратын, терең айырмашылықтарға толы әлемде нормативтік плюрализм философиясы қажет.²

Бұл мақалада біз соңғы бірнеше жыл ішінде Templeton Religion Trust қайырымдылық қорында дайындалып жасалған плюрализмге, яғни, Келісім плюрализмі (Стюарт, 2018; Сайпл, 2018a; Сайпл, 2018b) деп аталатын кеңірек көзқарасты қамтитын плюрализмге кіріспе шолу береміз³. Келісім плюрализм философиясы бейбіт қатар өмір сүруге деген қарабайыр үндеулердің шеңберінен шығып, керісінше, біздің терең айырмашылықтарымыздың аясында берік, қарым-қатынасқа негізделген және релятивистік емес бірге, бейбіт және өнімді өмір сүрудің парадигмасына негізделеді. Келісім плюрализмі құқықтық теңдікке және тату көршілік ынтымақтастыққа баса назар аударатын азаматтық туралы тұтас көзқарас ұсынады. Ол үшін тең құқықтар мен міндеттермен сипатталатын конституциялық тәртіп де, өзара құрмет пен қорғауға негізделген қатынастармен сипатталатын өзара іс-қимыл мәдениеті де қажет.

Плюрализмнің көздеп отырған бұл мақсаты сөзсіз өршіл. Келісім плюрализм парадигмасы істеп тұрған және өзара күшейтетін құқықтық құрылымдар мен әлеуметтік нормалардың көмегімен жүзеге асқан мінсіз деңгейге жеткенін көрсетеді. Алайда, біз келісім плюрализмі жай ғана теориялық абстракция немесе утопиялық алыпсатарлық емес деп

² Кеңінен танымал болып келе жатқан «COEXIST» және «TOLERANCE» бампер стикерлерінің әр әріпі епті түрде бөлек бір діннің немесе тұжырымдаманың символы ретінде бейнеленеді. Бампердегі «COEXIST» жапсырмасында, әдеттегідей, «С» – ислам дінінің жарты айы, «О» – бейбітшілік белгісі, «Е» – гендерлік белгі, «Х» – Дәуіттің жұлдызы, «І» нүктесі – пұтқа табынушылардың бесбұрышы, «S» – инь-янь символы, ал «Т» – христиандардың айқыш ағашы. «TOLERANCE» нұсқасы жақсы мағынадағы «Мен бұған сенемін» деген ұранды қамтитын байырғы американдық және бахаи халықтарының белгілерін қамтиды, тіпті ғылымның нышанын да (соңғы «е» – Эйнштейннің формуласы $e=mc^2$) қамтыған.

³ Templeton Religion Trust (<https://templetonreligiontrust.org/>), штаб-пәтері Багам аралында орналасқан, сэр Джон Темплтон (2008 ж.) құрған жаһандық қайырымдылық қоры болып есептеледі. Қордың мақсаты – бүкіл әлем бойынша қоғамды теология, философия және ғылым мәселелеріне араластыру үшін және сол салада зерттеулер жүргізуге қолдау көрсету үшін, және адамзаттың өркендеуіне үлес қосу мақсатында жеке бостандық, еркін нарықтар және жеке бас даму салалар жобаларын қаржыландыру мен сондай-ақ Темплтон сыйлығын беру арқылы қолдау көрсету үшін құрылған.

нық айтамыз. Бұл нақты жағдайлар мен діни ілімдермен байланысы жоқ жанама тарихи тәсіл болатындай саяси философияның қиялы емес. Қайта, біз ұсынып отырған плюрализмнің келісім парадигмасы – бұл көптеген әлемдік діни/идеологиялық дәстүрлерде өзектілігі, тартымдылығы мен прецеденттері бар шынайы әлеуметтік-саяси ұмтылыс.

Сондықтан, бұдан әрі қарай біз келісім плюрализмінің ресми теориясынан емес (қаншалықты маңызды болса да), қайта, құндылықтардың қысқаша, тәжірибелік және тарихи суреттеуінен бастаймыз. Біз мұны Роджер Уильямстың (1603-1683) мысалында жасаймыз, бұл пуритан Массачусетстен құылған, сірә, ең маңызды нонконформист. Уильямс тұрақты плюрализм, ар-ождан бостандығы және мәдениетаралық сыйластық принциптері негізінде Род-Айлендті құрған болатын. Ол бұл принциптерді өзінің христиандық сеніміне сүйене отырып қорғады, соның арқасында – оны тек басқа христиандарға ғана емес, ыбырайымдық діни дәстүрлерге жататындарға ғана емес, сонымен қатар байырғы американдықтардың діни дәстүрлеріне жататындарға да қолданды. 17-ғасырдағы Род-Айленд тәжірибесі, әрине, мұндай қағидаттардың керемет көрінісі болған жоқ, дегенмен, бұл азаматтық тәртіптің маңызды да өнегелі мысалы болып табылады (оның алғашқы формасында болса да), түбегейлі әртүрлі діни/дүниетанымдық келешегі бар адамдар өз діни дәстүрлерімен (дұрыс іс-әрекеттер) және олардың тұрақтылыққа деген жалпы қажеттіліктерімен (жеке мүдделерінен шыққан әрекеттер) сындарлы және бір ұжымдай біртұтас жүйе ретінде өмір сүре алатын орынға айналуға ұмтылады.

Осы кіріспе иллюстрациядан кейін біз Templeton Religion Trust қайырымдылық қорының «Келісім плюрализмі» бастамасының негізін қалайтын келісім плюрализм тұжырымдамасын егжей-тегжейлі қарастырамыз. Біріншіден, біз «плюрализмге» жақындаудың қиыншылықтарын қарапайым релятивистік толеранттылықпен, жеңіл экюменизммен немесе эклектикалық синкретизммен синоним болғандай қарастырамыз. Екіншіден, біз «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін ғаламдық қоғамдық өмірдегі діннің қайта жандану маңыздылығы қалайша плюрализм теорияларының таралуына түрткі болғанына қысқаша шолу береміз. Үшіншіден, біз «келісілген» модификатордың нақты нені білдіретінін (және нені білдірілмейтінін) және келісім плюрализмді қандай негізгі шарттар қамтамасыз ететініне егжей-тегжейлі тоқталатын боламыз. Біз келісім плюралистік көріністің ғаламдық қолданысына және бейімделуіне қарап қорытынды жасаймыз.

Ең гүлденіп жатқан азаматтық штат: Роджер Уильямстың мысалы және «Бейбіт көршілестік туралы келісім».

Американдық мифологияда пуритандықтар діни бостандық үшін Атлант мұхитын кешіп өтті, бірақ олар негізінде барлығына діни бостандық режимінде өмір сүргісі келмеді (Голландия оларға сондай орта ұсынған болатын). Шынында да, Джон Уинтроптың «азаматтық және шіркеулік тәртіпті басқару формасындағы бейбіт тұруға және отбасылық өмір құруға болатын жер» іздейтіні туралы өте айқын болды (Gaustad, 1999, 23). Массачусетс шіркеуінің бір діни қызметкері айтқандай, колония «теократияға мүмкіндігінше, Израильдің даңқы қандай болған болса, соған тырысады» (Барриден алынған үзінді, 2012, 169). Массачусетс теократияны ілгерілетуде салыстырмалы түрде

жұмсақ болған шығар. Бірақ бұл тыйым салынған баптистерге, дарға асылған квакерлерге және пуритандардың қадағалауымен өлімге кесілген «мыстандарға» жұмсақ емес еді.

Уильямс көптеген тұстарда билік құрып отырған саяси теологияға қайшы келді. Ол, басқасын қосқанда, Массачусетс шіркеуі Англия шіркеуінен бөлініп шығуын, шіркеу мен үкімет шенеуніктері Құдайға ант бермеу керектігін, Англия королінің байырғы америкалықтардың жерін беруге құқығы жоқтығын және салық ақшасы шіркеу қызметкерлеріне берілмеуін керектігін алға тартты. Бәрінен бұрын, Уильямс ар-ождан бостандығына сенді және діннің де, мемлекеттің де әл-ауқаты түптеп келгенде осы бостандыққа байланысты екенін айтты.⁴

1636 жылға қарай нонконформист Уильямс Бостон қалалық үкіметін әбден мазасыздандырғандықтан, олар оны Англияға жер аударуға шешім қабылдады. Уильямс қашып құтылып, ақырында өзінің үндіс достарының арасында Наррагансетт шығанағының бас жағына қоныстанды, сол жерде оларға өзі тұрған жері үшін төледі. Ол бұл жерді Көрегендік деп атады, өйткені «ол сахемдермен [көсемдерімен] және жергілікті тұрғындармен бейбіт көршілік туралы келісім жасасты» және «менің бақытсыз шағымда Құдайдың мейірімді көрегендік сезімін» басынан кешіріпті⁵. Уильямс жаңа колония «ар-ұжданының айтқанын орындай алмайтындығынан зардап шегетін адамдарға баспана бере алады» деп үміттенді (Барриден алынған үзінді, 2012, 220).

Оның моделі 17 ғасырдың мәнмәтін таңқаларлықтай қамтып қана қоймай, сонымен бірге оның өзінің колониясының шеңберінен шығатынын ойлағанындай кең де болды. Ол былай деп жазды: «Құдайдың еркі мен өсиеті осындай деп (Оның Ұлы Ием Иса келген кезден бастап) ең пұтқа табынушылық, еврей, түркі немесе мәсіхшілерге қарсы ілімдер мен ғибадат ету барлық ұлттардың барлық адамдарына және барлық елдерде рұқсат берілуін атап өтті» (Роулиден алынған үзінді, 2017, 69). Бірақ сонымен қатар ол анархист емес еді. Ол мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің қажеттілігін түсініп, қолайлы жағдайда бостандық пен қауіпсіздік қоян-қолтық жұмыс істей алатынын түсінді. Уильямс оны 1655 жылы қаңтарда Провиденс қаласына жазған хатында қорытындылады:

Папистер, протестанттар, еврейлер мен түріктер де бір кемеге көтерілетін кейде кездері болады. Осыған сүйене отырып, мен бұрын-соңды сұраған барлық ар-ождан бостандығы екі нәрсеге негізделгенін растаймын – бірде-бір папист, протестант, еврейлік немесе түрік адамды мінәжат етуге немесе ғибадат етуге кемеге келуге мәжбүрленбеуі тиіс, екіншіден, ешкімге де өздерінің ұстанып жүрген дұғаларына немесе ғибадаттарына шектеу қойылмауы керек. Мен сондай-ақ, бұл еркіндікке қарамастан, кеме капитаны кемеңіз бағытын басқаруы керек, ал, сонымен қатар матростар мен жолаушылар

⁴ Осы бөлімнің бөліктері Сайплдан, 2012 алынған.

⁵ Жақсы көршілік тақырыбы бірнеше ғасырлар өткен соң, 1919 жылдың басында Версаль бітім шартына ықпал етуге тырысқанын мәлімдеген Халлфорд Джон Маккиндердің ойына келгенін атап өткен жөн: «Көрші» ескі де ұлы сөзі мүлдем ұмытылып кете жаздапты. Дүние жүзі бүгін нағыз тату көршілікке қатты дауыстап шақырады... Әлемдік географияның қарапайым құлдары болмас үшін өзімізді өзімізге қайтадан оралтайық... Біздің жақын адамдарымызға деген тату көршілік ниетеіміз немесе бауырмалдық парызымыз – бұл бақытты азаматтықтың бірден-бір сенімді негізі» (Маккиндер, 1919).

арасында әділеттілік, бейбітшілік пен байсалдылықты сақтау мен қолдануды бұйыруы керек екенін ешқашан теріске шығарған емеспін. (Дэвистен алынған үзінді, 2008, 278)

Басқаша айтқанда, саяси билікке ие адамдар азаматтарға оларға қалай сенуге болатынын айтуға құқылы емес (оны Уильямс «жанды зорлау» деп айыптады), тіпті егер азаматтарға өздері таңдап отырған сенімге жауапкершілікпен сену және өмір сүру құқығын жүзеге асыру талабы қойылса да. Ол мәжбүрлі түрде ғибадат ету «Құдайдың мұрнына жағымсыз» деп санайды (Major John Mason хатынан, 22 маусым 1670 ж., Барриден үзінді келтірілген, 2012, 336) және сөзсіз азаматтық тәртіпсіздіктерге әкеліп соғады, ал ар-ождан бостандығы шынайы азаматтық ынтымақтастыққа және адалдыққа апарады... Тиісінше, 1663 жылғы Род-Айлендтің Жарғысында колония «мейлінше гүлденген азаматтық мемлекет ... діннің толық еркіндігі болған шақта төтеп бере алатындығын және оны ең жақсы деңгейде ұстап тұра алатындығын көрсету үшін тірі эксперимент жүргізеді» деп сенімді түрде айтқан (Seiple и Hoover , 2004, vii қараңыз)⁶.

Уильямстың саяси плюралист болмағанын ескеру маңызды, өйткені ол өзінің діни наным-сенімдері мен саяси түйсіктері оның Киелі Кітапты түсінуімен терең тамырлас еді. Уильямсты зерттеген Джон Барри (2012, 225) «[Уильямстың] кез-келген хатында Құдай туралы айтылмайтын бірде-бір абзац жоқ» деп атап өтті. Сенім, Құдайды аңсау және Киелі жазбаларды білу оның еңбектерінде терең тамыр жайған. ... «Оның өмірі Құдайды іздеуде болды; бұл ізденіс оның қалай ойлағанын, қалай жазғанын және күн сайын не істейтінін анықтады». Тарихшы Мэттью Роули (Matthew Rowley, 2017, 68) сол сияқты Уильямстың жиналған шығармаларының алты томында және екі томдық корреспонденциясында «Киелі жазбалардан немесе теологиядан алынған цитатасыз, анықтамасыз немесе қорытындысыз абзацты сирек кездестіруге болады» деп атап өтеді.

Шындығында, Уильямс пуритандардың көптеген теологиялық доктриналарымен ортақтасты (Davis, 2008), бірақ діни плюрализм мен саяси тәртіп туралы мүлдем басқа тұжырымдар жасады. Мирослав Вольф (Miroslav Volf, 2015, 151–152) қорытындылай келе, Уильямс та, Джон Уинтроп та «діни эксклюзивизмді ұстанды. Діни эксклюзивизмнің өзі Уинтропты саяси эксклюзивтілікпен, ал Уильямсты саяси плюрализммен байланыстырды». Уильямстың бір уақытта теологиялық тұрғыдан діни эксклюзивист те, қоғамдық-саяси тұрғыдан плюралист те болғандығын үш мысал суреттейді.

Бірінші мысал – Уильямстың байырғы американдықтарға деген ұстанымы және қарым-қатынасы. Бір жағынан, Уильямс мәсіхші ізгі хабарының ақиқатына және ізгі хабарды таратуға – белсенді түрде өз дініне айналдыру міндеті мен борышына нық сенді. Бірақ, екінші жағынан, ол «Ұлы Тапсырма» туралы өзінің көзқарасын байырғы американдықтарға деген жалпыланған құрметсіздік позициясына айналдырған жоқ. Уильямс «табиғат еуропалықтар мен американдықтарды қанына, туылуына, денесіне және т.б. бөлмейді, Құдай, бүкіл адамзатты бір қаннан жаратқан» деген тұжырымды

⁶ Уильямстың діни толеранттылық идеялары Джон Локкке әсер етті, ол өз кезегінде Құрама Штаттарының негізін қалаушы негізгі адамдарға үлкен ықпал жасады. Уильямс, Локк және Гоббсты егжей-тегжейлі салыстыру үшін Бежан, 2017 қараңыз.

ұстанды (Gaustad, 1999, 28). Ол сондай-ақ жергілікті американдықтардың тілін үйреніп алмайынша оларға өзінің сенімімен бөлісуден бас тартты. Барри (Barry, 2012, 157) Уильямстың «христиан дінінің мағынасын толық түсінбейінше біреудің мәсіхші бола алмайтындығын, және Мәсіх туралы ілімін түсіндіру үшін үндістердің тілдерін білуі жеткілікті деңгейде болмайынша оларды өз дініне айналдыру әрекетінен аулақ болғанын есептегенін» түсіндіреді.

Екінші мысал – Уильямстың квакерлерге деген көзқарасы мен саясаты. Теологиялық тұрғыдан Уильямс квакерлерге қатысты мәселеде басқа пуритандықтардың жағында болды, яғни оларды жек көрді (Barry, 2012). Ол квакерлер «Мәсіх Исаны емес, өздерін уағыздайды» және олардың ілімдері жексұрындық деп есептеді (Gaustad, 1999, 183). Алайда, Уильямс бұл күрделі теологиялық айырмашылықтардың квакерлерді саяси құдалауға ұласуына ешқашан жол берген жоқ. Массачусетске қарағанда, квакерлер Род-Айлендте қолдауға ие болды. Ол сондай-ақ квакерлермен құрмет білдіріп пікір таласты. Мысалы, оның квакерлердің теологиялық ұстанымы туралы жазған шығармасымен соңғылар дауласпады (Barry, 2012).

Үшінші мысал – Уильямстың ар-ождан бостандығына деген адалдығы, кейбір жағдайларда тіпті терең тамыр жайған патриархалдық нормалардан асып түсуге соншалықты мықты болғанын көрсететін эпизод. 1636 жылы Род-Айленд құрылғаннан кейін екі жыл өткен соң, Роджер мен Мэри Уильямстың көршілері Ешуа мен Джейн Верин Уильямс үйіндегі шіркеуге баруды тоқтатты. Джейн келгісі келді, бірақ Джошуа оған тыйым салды. Бұл Род-Айлендтің бәрі келіскен негізгі қағидаттары бойынша қоғам назарын аударатын мәселе болды. Ақыр соңында қоғамдастық негіз қалаушы принциптерді сақтау қажеттілігі туралы келісімге келді; Джейн Верин шіркеуге баруды жалғастырды – күйеусіз немесе оның келісімінсіз (Эберле, 2004).

Әрине, Уильямс туралы одан да көп ауыз толтырып айтуға болар еді, бірақ жоғарыда келтірілген мысалдар Уильямстың ар-ождан бостандығы және «бейбіт көршілік» туралы идеялары біз бүгінде келісім плюрализмі деп атайтын философияның белгісі болғанын түсіну үшін жеткілікті болуы керек. Біз тіпті бұдан бетер молынан қосып, Уильямстың көрегендігі «айрықша» деп айта аламыз. Алайда, «айрықша» дегенде біз көбінесе «американдық ерекшелік» риторикасының құрамдас бөлігі болып табылатын жеңімпаз мағыналардың ешқайсысын білдірмейміз (Hoover, 2014). Біздің ойымызша, Уильямстың келісім плюрализмінің нұсқасы 17-ші ғасырдан ерекше «американдық» нәрсені бейнелегендіктен емес, парадигманың бірден-бір алғашқы тұжырымдалуы болғандықтан ерекше болды. Бүкіл әлемде және әртүрлі мәдени контексттерде өзекті және іс жүзінде іске асыруға тұжырымдама болып қала береді.

Уильямс, өкінішке орай, американдық саяси мәдениеті мен институттарының қазіргі жағдайына қарағанда, Америка Құрама Штаттарының «едәуір айрықша одаққа» үлкен қиындықпен ұмтылғалы жатқан жолын ашып берген. Мысалы, Pew зерттеу орталығының дінге қатысты шектеулердің екі жаһандық индексін қарастырайық, бірі үкіметтің дінге қатысты шектеулерді өлшесе, ал екіншісі – дінмен байланысты әлеуметтік дұшпандықты өлшейді (Pew, 2018). Осы индекстердің ешқайсысында Құрама Штаттар «төмен» деп бағаланбайды. Керісінше, Америка Құрама Штаттары бірнеше басқа батыстық либералды демократиямен бірге осы топтың ортасында тұр.

Дүниежүзілік Оңтүстіктің кез-келген аймағында діни шектеулер мен әлеуметтік дұшпандықтардың АҚШ-пен бірдей немесе төмен деңгейдегі батыстық емес елдері көп. Бұдан шығатын қорытынды: барлық елдер географиясына немесе ЖІӨ-ге (ВВП) қарамастан, проблемаларды шешу жолын таңдау және діни/дүниетанымдық әртүрлілікке байланысты мүмкіндіктерді пайдалану қажеттілігіне үнемі тап болады.

Сонымен қатар, келісім плюрализм жолы міндетті түрде «жаңа» немесе белгісіз болып табылмайды. Шынында да, бүкіл әлемде әртүрлі мәдениеттер мен тарихи тәжірибелерге енген көптеген бағдарлар болуы мүмкін. Мысалы, Үндістан тарихынан әйгілі мысал – діни әртүрлілікке қайырымдылықпен қараған Мұғалдер императоры Акбар (1542–1605 жж.). А.Л. Башам (A.L. Basham, 1954, 482) дәлел келтіргеніндей,

[Акбар] империя тек толеранттылық негізінде өмір сүре алатынын анық түсінді. Барлық діни тексерулер мен шектеулер алынып тасталды, оның ішінде сенбейтіндерге жек көретін жеке бас сауалнама салығы. Раджпут княздары мен басқа индустар исламды қабылдамай-ақ жоғары мемлекеттік лауазымдарға ие болды.... Егер Үндістанның ұлы мұсылман билеушісінің саясатын оның ізбасарлары жалғастырған болса, онда оның тарихы мүлде басқаша болуы мүмкін еді.

Әрине, плюрализмнің алғышарттарын Үндістанның соңғы тарихында, оның ішінде 1949 жылғы Үндістанның конституциясында⁷ да кездестіруге болады – бірақ, өкінішке орай, олар Үндістанның діни зорлық-зомбылық пен діни ұлтшылдықтың қазіргі заманғы қиындықтарының көлеңкесінде қалады.

КЕЛІСІМ ПЛЮРАЛИЗМ ЖОЛЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ «ЖАҢА» НЕМЕСЕ ӘБДЕН ЗЕРТТЕЛМЕГЕН ЕМЕС

Қарапайым сөзбен айтқанда, келісім плюрализміне деген шақыруға жауап беру, кейбір контексте ашуға қарағанда қайта табу мәселесі болуы мүмкін; немесе революция емес, қайта жаңғыру. Алайда, бұған қарамастан, келісім плюрализм жолы белгілі бір дайындықты қажет етеді. Ең алдымен, келісім плюрализмі белгілі бір қалың теріні – яғни келіспеушілік пен айырмашылыққа қатысты қарапайым «төзімділіктен» асып түсетін жайлылық деңгейін қажет етеді.

Неліктен төзімділік жеткіліксіз

Біздің әрдайым өсіп келе жатқан сан алуандық қарқынды жаһандану әлемінде өркениеттіліктің жалпы нормасы ретінде «төзімділік» қажет екені сөзсіз. Сонымен қатар, толеранттылықты қорғауға арналған маңызды халықаралық құжаттар бар, мысалы БҰҰ-ның төзімсіздік пен дінге немесе сенімге негізделген дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы декларациясы. Алайда терең әртүрлілік жағдайында жақсы өмір сүру үшін толеранттылықтың өзі жеткіліксіз. Шынында да, «толеранттылықтың» минималистік және сын көзбен қарамайтын нұсқалары шынайы-түпнұсқалық және тұрақты плюрализмге қайшы келуі мүмкін. Бұл проблемалардың үш қыры бар.

⁷ Қосымша ресурстарды Singha, 2017 қараңыз.

Біріншіден, «төзімділікті» қамтамасыз ететін императивті құру – артықшылықтар мен тіпті кешірімділікті беруді білдіруі мүмкін. Ешкім де өзіне жай ғана «төзімділік» танытқанын қаламайды, оның қатысуы белгілі бір қоғамдық-саяси жүйеде ықылассыз және қаламай қабылданған сияқты болып көрінеді. Біз сәт түсісімен-ақ құтыламыз деп үміттенетін нәрселерге «шыдаймыз», мысалы, бел немесе тіс ауруы. Оның орнына, барлық адамдар өздерінің тең дәрежеде жүргендерін және олардың жалпыға бірдей адамдық қадір-қасиеттері құрметтелгенін сезгісі келеді. Сонымен қатар, әлеуметтік өркендеу үшін бұндай эмпатиялық теңдіктің, әсіресе демократия жағдайында маңызы зор. Джордж Вашингтон 1790 жылдың 18 тамызында Род-Айленд штатындағы Нью-порттағы еврей қауымына жазған белгілі хатында мұны мойындады: «Әркімнің ар-ождан бостандығы мен азаматтық иммунитеті бірдей. Енді толеранттылық туралы бір адамдарға ажырамас табиғи құқықтарын қолданулары үшін басқа адамдардың мейрімділік көрсетіп мүмкіндік беруі ретінде айтылмайды.»⁸

«Толеранттылыққа» деген кәдімгі үндеулердің екінші қиындығы – олар діни сауатсыздықтың алаңдатарлық деңгейін анықтай алады. Дифференциалданбаған толеранттылық идеологиясы кейде діннің табиғаты мен діни айырмашылықтарға қатысты аңғал жорамалдарды болмаса, онда тым жеңілдетілген жорамалдарды білдіруі мүмкін. Діни дәстүрлерді және дүниетанымдарды кез-келген байыпты зерттеу бірден терең әртүрліліктің барын анықтайды. Бірақ барлық діндер бірдей емес; және кейбір келіспеушіліктер бітімсіз.

Көп конфессиялық шындыққа көзін ашып қарау керектігін көптен бері дәлелдеп келе жатқан көрнекті ғалым – Стивен Протеро, «Құдай жалғыз емес» кітабының авторы (Prothero, 2010a). Протеро (2010b) кітап туралы Religion Dispatches-ке берген сұхбатында діни сауатсыз толеранттылық мәселесін былай деп түйіндеді:

[Аспирантурада] Мен барлық діндердің бір тауға әр түрлі жолдармен келетіндігін мұғалімдерден бірнеше рет естідім. Бұл нақыл сөздің мен үшін ешқашан мағынасы болмады. Менің достарым – еврейлер, мұсылмандар, христиандар мен атеистер болды, және біздің ешқайсымызда бір-бірімізбен келісеміз деген иллюзия болған жоқ... Бұған басты дәлел, – [Құдайдың жалғыз біреу емес екеніне] әлем діндерінің әртүрлі тауларға, сан алуан түрлі құралдар мен әдістерді қолданып көтерілуінде. Жаңа атеистер мен либералды мультикультуристердің келісетін бір көзқарас – барлық діндер шын мәнісінде бірдей (бір жағынан жалған және ұлы, екінші жағынан шынайы және тамаша). Менің ойымша, бұл көзқарас қауіпті, менсінбейтін және шындыққа жанаспайды. Христиандар Меккеге қажылыққа бармайды, ал мұсылмандар Үштік ілімін қолдамайды. Сонымен қатар, қажылықты орындау мұсылмандар үшін қиыр шеттегі қызмет емес – іс жүзінде бұл исламның бес тірегінің бірі. Исаның Құдайдың Ұлы екендігіне сенім арту христиандар үшін маңызсыз емес – шын мәнісінде, бұл мәсіхшілік Інжілдің негізінде жатыр... Сонымен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні не? Толеранттылық (шыдамдылық)

⁸ Осы хаттың толық мәтінін Ұлттық архив веб-сайтының «Founders Online» бөлімінен қараңыз: <https://founders.archives.gov/documents/Washington/05-06-02-0135>.

– бұл құр ізгі іс болмақ, егер өзіңіз нақты нені шыдауыңыз керек екенін түсінбейтін болсаңыз.

Қарапайым толеранттылықтың үшінші және, мүмкін, ең маңызды мәселесі – бұл оның немқұрайлылықпен оңайша үйлесуі. Templeton Religion Trust қорының негізін қалаушы Сэр Джон Темплтон, әдетте «толеранттылық» деп аталатын нәрсенің көп бөлігі әлсіз болуы мүмкін екенін жақсы түсінді. Ол адамзаттың дінмен қоса барлық салаларындағы ілгерілеуі көбінесе сындарлы бәсекелестікке байланысты болатынына, яғни айырмашылықтарға деген менсінбейтін елемеушілікпен емес, қайта құрметпен қарауында екеніне нық сенімді болды. Сэр Джон былай деп жазыпты,

«Толеранттылық таңғажайып әрекет бола алады, бірақ ол немқұрайлылықтың құралы болуы да мүмкін. Миллиондаған адамдар әртүрлі діндерге толықтай толеранттылық танытады, бірақ мұндай адамдар тарихқа құрушылар, қайырымдылық жасаушылар немесе прогресстің көшбасшылары ретінде сирек енеді... Біз көршіміздің өз түсінігімен бөлісіп, бізге өзінің өмірін өзгерткен жарқыраған жарығы мен жанындағы отын әкелуге тырысқанын қалағанымыз жөн емес пе еді? Неге тек төзімділікке негізделген ең төменгі ортақ белгісі бар дінге жүгіну керек? Бізге толеранттылық қана емес, сонымен қатар сындарлы бәсекелестік қажет. Адамдар ұлы Інжілге құштар болып, ең игілікті істерімен жақын адамдарымен бөлісу үшін сүйіспеншілікпен жарысса, бәрі де пайда көрмейді ме?» (Templeton, 2000, 122-123)

Адам Селигман, Рейчел Вассерфолл және Дэвид Монтгомери 2016 жылғы «Айырмашылықтары бар өмір: бөлініп жатқан әлемде қоғамды қалай құруға болады?» деген кітабында қазіргі заманғы толеранттылықты ұстанушылар діни айырмашылықтарды түбегейлі сұрақтармен емес, қайта тек эстетикалық талғаммен айналысқандай көреді деп айтады.

Біз айырмашылықтармен өзара әрекеттесудің орнына олардан бас тарта беруіміз соншалықты, оған араласпау – біздің әлеуметтік өміріміздің өзегі болып табылады. Белгілі бір мағынада, эстетикалық немесе тривиальды деп жіктеу арқылы айырмашылықтарды жоққа шығару, бұл – басқа және өзгеше нәрсеге немқұрайлы қараудың бір түрі болып табылады. Өзгелердің позициясынан немесе іс-әрекетінен айырмашылықты талғамға немесе езбелікке қарай қалыптастыру арқылы біз бұған қатысудан өзімізді босатамыз және немқұрайлылық қатынасты сақтай аламыз... [Мұндай тәсілдердің] шын мәнінде толеранттылығы әлдеқайда төмен, өйткені олар шын мәнінде айырмашылықтардан қашықтықтатып олармен татуластырмайды. Олар қазіргі қоғамдағы айырмашылықтардың бәрін түсінудің орнына оны айналып өтудің жолы ғана болуы мүмкін. (Seligman, Wasserfall, Montgomery, 2016, 8-9)

Қысқаша айтқанда, тек апатия мен өрескел релятивизмге бой алдыратын «толеранттылық» біздің заманымыздың сын-қатерлеріне қарсы тұру үшін жеткіліксіз.

Діннің «оралуы» және плюрализм теориясының қажеттілігі.

«Толеранттылықтың» арзан бампер стикерлерінің өшпес танымалдылығын түсіндіруге көмектесетін маңызды шарт – зайырландыру теориясының мәдени күші, сонымен қатар оның, әсіресе академиялық ортадағы әдіснамалық салдары. Секуляризация теориясының негізгі алғышарты: модернизация дінді мәдени-гносеологиялық тұрғыдан бұзады, яғни қазіргі жағдайда дін не мүлдем қараусыз қалған, не түбегейлі жекешелендірілген және психологиялық, мәдени және саяси тұрғыдан екінші деңгейге ысырылған. Діни сенімнің және кез-келген діни практикаға қатысты «толеранттылық» – бұл діннің сөзсіз маңыздылығы төмендеп жатқандығы туралы кең таралған көпшілікке мәлім болжамдардың табиғи нәтижесі.

Ирония мынада: әлеуметтанушылардың көпшілігі зайырдану теориясын ұстанудан бас тартқан. Мұның жарқын мысалы – дүниеден өткен көрнекті әлеуметтанушы Питер Бергер, оның алғашқы еңбектері секуляризация теориясын парадигматикалық деңгейге көтеруге көмектесті. Алайда, 90-жылдары Бергер зайырландыру теориясына берілгендігінен бас тартып, плюрализация теориясы заманауи дінді түсінудің парадигмасы ретінде секуляризация теориясын шешуші түрде ығыстыруы керек деген пікірге келе бастады.

«Қазіргі заманның көптеген құрбандық шалатын орындары: плюрализм дәуіріндегі дін парадигмасына қарай беттеу» кітабында Бергер (Berger, 2014) модернизация міндетті түрде діннің құлдырауына әкелмейді, бірақ бұл дегеніміз, бұрынғыдан да көп адамдар какофониялық түрде бәсекелесетін нанымдар, құндылықтар және өмір салты арасында өмір сүруі керек дегенді білдіреді. Бұл міндетті түрде олай емес және оны «батыстық» құбылыс ретінде қабылдауға болмайды. Әлемдік оңтүстіктің контексттері де плюрализациядан өтіп жатыр, әсіресе урбанизация мен көші-қонның өсуі жағдайында. Плюрализация процесі заманауи адамды барған сайын терең айырмашылықтарға тап болуға мәжбүр етеді. Кейбіреулер үшін бұл мазасыздық пен ашушаңдықтың көзі болуы мүмкін.⁹ Мұны эпистемалық және моральдық сенімділікке нұқсан келтіретін, басқаша жағдайда олар сананың артқы жағында қалып қоюы мүмкін, оның орнына мәселелерді алдыңғы қатарда шешуге мәжбүр ететін деп түсіндіруге болады. Жаһандану және технологиялық өзгерістер бұл динамиканы жылдамдатады және рухани-психологиялық жіктелуге сезімдерін күшейте алады.

Бергер сонымен қатар қазіргі заманғы мәселелерді шешудің екі жалпы, бірақ өте проблемалық стратегияларын талқылады: фундаментализм және релятивизм. Бергердің айтуы бойынша, фундаменталист – бұл моральдық / гносеологиялық сенімділікті әртүрлі әлеуметтік және саяси құралдармен қалпына келтіруге тырысатын адам. Керісінше, релятивист – моральдық эквиваленттіліктен, бейтараптықтан және «толеранттылықтан» идеология жасаушы. Бұл полюстердің анықтамасымен – біріншісі қауіпті, ал екіншісі мағынасыз – Бергер (2014, 15) «фундаментализм мен релятивизм арасындағы алтын ортаны сақтауды және заңдастыруды» жақтады. Бергер (біздің

⁹ Алайда, өзін-өзі анықтайтын діни «тағдырдың» заманауиге дейінгі жағдайлары мен белгісіздік пен «таңдаудың» заманауи жағдайлары арасындағы айқын екілік қарама-қайшылықты болдырмау қажет. Роберт Хейфнер (Robert Heifner, 2016, 16) айтқандай, «барлық қарабайыр субъектілерді табиғи және табиғаттан тыс құбылыстар бір-бірімен тығыз байланыста болатындай, белгісіздік пен агностикалық күмәнға орын аз болатындай тығыз қоныстанған діни әлемнің тұрғындары деп қарау» қателік болар еді. Сондай-ақ Дугласты (1970) «Тақуалы қарабайыр адам туралы миф» бөлімінен қараңыз.

ойымызша) бұл бақытты қақ ортасы плюрализмнің өзі болады деп әділетті түрде жорамалдайды.

Бірақ «плюрализм» үшін кез-келген дәлел дереу түрде маңызды терминологиялық проблемаға тап болуы керек. Атап айтқанда, қазіргі дін тұрғысынан «плюрализм» сөзі көбінесе релятивизммен синоним болатын мағынада қолданылады. Ғылыми және танымал дискурста да, «плюрализм» нақты біліктіліксіз айтылған кезде, әдетте бұл сөзге жатқызылатын әдепкі мағына релятивизм мағынасы болып табылады. Бұл Стивен Протеро (2010б) «жалған плюрализм» деп жоққа шығарған «біз бәріміз бір тауға көтеріліп жатырмыз» деген жеңіл, тең мағыналы анықтама.

Сонда сұрақ туындайды: Нағыз плюрализм дегеніміз не? Егер «плюрализм» сөзінің өзі бір мағыналы емес болса, оған қалай анықтама беруге болады?

Алуан жүзді плюрализм

Қырғи қабақ соғыс аяқталысымен «тарихтың аяқталуы» туралы либерализмнің жаһандық салтанат құруы және оның индивидуализм, рационализм, легализм, процессуализм атрибуттары және т.б. туралы үлкен оптимизм пайда болды. Бірақ құдайлар өлуден бас тартты, ал партикуляристік сәйкестіктер алдыңғы қатарға кейде тіпті күшпен оралып жатты. Болашақ тез либералды тәртіпті әмбебаптандыруға емес, мәдени және саяси балканизацияға айналды. «Сол» мен «оң»-дардың мүдделерін қорғайтын теоретиктер әр жердегі эмпирикалық дәлелдерге көбірек сәйкес келетін және терең алуан түрлілік жаһандану жағдайында нормативті келісімділік пен функционалды консенсус үшін ең жақсы перспективаларға ие плюрализм философиясын тұжырымдау қажеттілігін барған сайын түсінді. Нәтижесінде, әсіресе соңғы он жыл ішінде, жоғары шығармашылықпен және интеллектуалды өнімділікпен сипатталатын көптеген плюралистік теориялар пайда болды. Замануи әдебиетте плюралистік ойдың алуан түрлілігінің мысалы ретінде болатындар:

- нанымдар плюрализмі (Inazu , 2016; Keller және Inazu, 2020)
- батыл плюрализм (Patel, 2016; Patel, 2018; Geiss, 2020; Patel, 2020)
- прагматикалық плюрализм (L. Patton , 2018; L. Patton , 2006)
- терең / агонистік плюрализм (Connolly, 2005)
- принцип / азаматтық / құрылымдық плюрализм (Monsma, 1992; Skillen, 1994; Chaplin, 2016; Soper, den Dulk және Monsma a, 2017; Carlson-Thies, 2018)
- инклюзивті плюрализм (Marsden, 2015)
- «принципті қашықтықтың» плюрализмі (немесе «үнді моделі») (Bhargava, 2012)
- «діни үйлесімділік» / реттелетін плюрализм (Neo, 2020)
- «саяси зайырлылықтың» плюрализмі (Taylor, 2010; Maclure және Taylor, 2011)

- «айырмашылықтардың» плюрализмі (Mahmood, 2016; Shakhman Hurd, 2015)
- «әртүрлі тәсілдермен бірге өмір сүретіндердің» плюрализмі (Seligman, Wasserfall, Montgomery, 2016)
- «міндеттемелер қақтығысы» плюрализмі (Eck n.d.; (күні белгіленбеген); Eck, 2020)
- «жаһандық қоғамдық платформаның» плюрализмі (Guinness, 2013)
- және басқалар

Қазіргі плюрализмдер жиынтығының өзі бірнеше жағынан плюралистік болып табылады. Мысалы, плюрализмнің кейбір түрлері ұзақ және әсерлі философиялық шежіреге ие болса, басқаларының тәжірибелігі аздау. Кейбіреулері тұрақты плюрализмнің құрылымдық және позитивті заңды аспектілерімен – барлық діни және зайырлы дүниетанымдардағы әділдік үшін конституциялық және заңнамалық «ойын ережелерімен» айналысатын болса, ал басқалары терең айырмашылықтары бар өмірдің мәдени, реляциялық, эмоционалды және рухани аспектілерімен үйлеседі. Кейбіреулер батыстық либералды демократиядағы (әсіресе Құрама Штаттарында) қолдану мүмкіндігіне көбірек назар аударады, ал басқалары абстрактілі түрде әмбебап немесе батыстық емес тәсілді қолданады. Кейбіреулер плюралистік жағдайда мүмкін және қажет болатын консенсусты – саяси және/немесе теологиялық дәрежелерін – ұстанады, ал басқалары минималистік, «анағұрлым нәзік» консенсусқа жүгінеді. (Қазіргі заманғы плюралистік идеялардың әртүрлі көптеген бағыттарын салыстыру үшін Joustra, 2020 қараңыз).

Алайда, осы плюрализмдердің көпшілігінің кейбір негізгі жалпы белгілері – олар жеңілдетілген релятивизмнен аулақ болуды көздейді, әртүрлілік сын-қатерлерін фатализмнен гөрі реализммен шешеді, жай ғана қатар тұрып өмір сүруді талап ететін емес қайта діни және дүниетанымдық бөліністер арасындағы іргелі өзара әрекеттестікті қажет ететін позитивті плюрализмді білдіреді. Мысалы, саяси теоретик Уильям Э.Коннолли жасаған «терең плюрализм» теориясын алайық. Коннолли белгілі бір деңгейдегі қақтығыстар мен бәсекелестік адамзат тіршілігінің ажырамас бөлігі болып табылады, дегенмен бұл сөзсіз қарама-қайшылықтар бейбіт, жемісті, қоғамды сүйетін нәтижелері болуы мүмкін деп сендіреді. Конноллидің пікірінше, шынайы, бірақ позитивті плюрализм

